

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы № 1 шешімі. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімінің 2024 жылғы 22 сәуірдегі № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімінің 22.04.2024 № 5 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының, 33 бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50- бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы " Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" №240 бұйрығына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Ибраев Мұрат Есіркепұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 31 желтоқсанынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Жаңаарқа ауданының әкімі

Қ. Қожықиев